

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес**  
**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын үйымдастыру туралы**  
**ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ереже**

1.1 Кеңес өз қызметін объективтілік пен әділеттілік, этика, қоғамдық пікір мен ашықтықты ескерсе отырып, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Мұғалімнің мәртебесі туралы» заңдарына, осы Ережеге, басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады. 1.2 Осы Ереже Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес қызметін үйымдастыруды аныктайды. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес (бұдан әрі - Кеңес) - білім беру үйымдарында құрылған, мұғалімдердің педагогикалық этиканы сақтау мәселелерін қарастыратын алқалы орган.

1.3 Білім беру үйымының Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесіне жеке және заңды тұлғалар мұғалімдердің педагогикалық этиканы сақтауына қатысты мәселелер бойынша жүргіне алады. 1.4 Кеңес өз қызметінде заңдылық, объективтілік және әділеттілік принциптерін басшылыққа алады.

**2. Кеңестің негізгі міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері**

**2.1 Кеңестің негізгі міндеті:**

1) педагогикалық этиканың бұзылуына мониторинг жүргізу, бақылау, алдын алу;  
2) білім беру үйымында педагогикалық әдептің сақталуын қамтамасыз ету; 3)  
педагогикалық әдептің бұзылуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды талдау; 4)  
окытушылардың тәртіпті жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарau үшін қажетті  
және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу. 2.2  
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес өз құзыреті аясында: 1) мұғалімдерді және білім беру үйымының басқа тұлғаларын жиналыстарда тындау; 2) білім беру үйымының алдында тұрған міндеттерді орындау үшін қажетті құжаттарды, материалдар мен ақпараттарды сұрау;

3) мұғалімдерден және білім беру үйымының басқа тұлғаларынан түсініктемелерді талап ету;

4) білім беру үйымының басшысына педагогикалық этика нормаларын бұзу фактілерін тексеру туралы ұсыныстар енгізу;

5) білім беру үйымының басшысына еңбек тәртібін нығайту, педагогикалық әдеп нормаларын бұзудың алдын алу бойынша ұсыныстар енгізу;

6) білім беру үйымы басшысының қарауына педагогикалық этиканы бұзғаны үшін мұғалімдердің тәртіпті жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізу;

7) Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсыныстарын орындау бойынша тиісті шаралар кабылдамаған лауазымды адамдардың жауапкершілігін қарau туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға, лауазымды тұлғаларға немесе білім беру үйымының құрылтайшыларына хабарласу;

8) таралтарды татуластыру бойынша жұмыс жүргізу.

**3. Кеңес қызметін үйымдастыру**

**3.1 Кеңестің өкілеттік мерзімі - үш жыл.**

3.2 Кеңес төрага, хатшы және Кеңес мүшелерінен тұрады. Кеңес мүшелерінің саны тақ болуы керек және кем дегендеге жеті адам болуы керек.

**3.3 Кеңес құрамына төмендегідей тұлғалар кіреді:**

1) кеңес білім беру саласында жұмыс істейтін кәсіподактардың және (немесе) үкіметтік емес үйымдардың және (немесе) қоғамдық бірлестіктердің өкілдерінен тұруы керек;

2) кемінде екі педагог;

3) құрметті демалысқа шыққа педагогтар.

3.4 Білім беру үйымының басшысы, білім беру үйымының басқарушы, әкімшілік, көмекші персоналының қызметкерлері, осы білім беру үйымының студенттері мен тәбибиен піліпелінің ята-аналапы Кеңестің күтімінде кіре алмайты. Бұл петте білім беру

ұйымының басқарушы, әкімшілік, көмекші персоналының қызметкерлері Кеңестің хатшысы ретінде қарастырыла алады.

3.5 Кеңес білім беру үйымының педагогикалық кеңесінде сайланады:

- 1) Кеңесті құру кезінде заңды талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;
- 2) Кеңесті уақытында сайлау үшін қажетті расімдердің орындалуын қамтамасыз етеді;
- 3) Кеңес жұмысына жағдай жасайды және көмектеседі.

3.6 Кеңестің құрамы білім беру үйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

3.7 Кеңестің төрагасы мен хатшысы Кеңестің бірінші отырысында көпшілік даусымен сайланады.

3.8 Кеңес мүшесі, егер ол немесе онымен бірге тұратын оның жағын туыстары тәртіптік іс қозғалған адаммен туыстық қарым-катаста болса немесе ресми, аталаған адамға басқа тоуелділік болған жағдайда тәртіптік іс талқылауына, дауыс беруге катыса алмайды.

Кеңес мүшесі аталаған жағдайларды Кеңес мүшелерін тиісті іс бойынша талқылау және дауыс беру басталғанға дейін хабарлайды.

3.9 Кеңес шешімдерді отырыска катысан Кеңес мүшелері көпшілік даусымен кабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда төрагалық етушінің дауысы шешуші болып табылады. Әдет жөніндегі кеңес мүшелері дауыс беруден калыс кала алмайды.

3.10 Кеңес төрагасы болмаған кезде оның атынан Кеңес мүшелерінің бірі төрага ретінде қызмет етеді.

3.11 Кеңес отырысы хаттама турінде ресімделеді, оған Кеңес төрагасы мен хатшысы кол қояды.

4. Кеңес құрамына төмендегі тұлғалар кірмейді:

4.1 сот әрекетке қабілетсіз деп танығандар;

4.2 сот белгілі бір мерзімге мемлекеттік қызмет аткару құқығынан айыргандар;

4.3 мемлекеттік қызметтің беделін түсіретін тәртіптік теріс қылығы үшін жұмыстан шыгарылғандар;

4.4 бұрын сottалған немесе Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 35-бабы бірінші белгілікін 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтары немесе 36-бабы негізінде қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босатылғандар;

4.5 катарынан үш немесе одан да көп сагатқа дәлелді себептерсіз жұмыска (қызметке) келмеуі негізінде босату жағдайларын коспағанда, құқық коргау органдарынан, арнайы мемлекеттік органдардан және сottардан, әскери қызметтен теріс себептермен босатылғандар

5. Кеңес төрагасы мен мүшелерінің іс-жобасы мен міндеттері

5.1 Кеңестің жұмыс жоспары және отырыстардың күн тәртібі бойынша ұсыныстар енгізу;

5.2 Кеңес отырыстарына материалдар мен оның шешімдерінің жобаларын дайындауга катысу;

5.3 Кеңес қарайтын мәселелерді талқылауга катысу

.6. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау мәселесін қарастыру кезінде мұғалімнің құқықтары

6.1 қарастырылып отырган мәселе туралы жазбаша ақпарат алу;

6.2 қарастырылып отырган мәселе бойынша барлық материалдармен танысу;

6.3 өз құқықтары мен заңды мүдделерін занга қайшы келмейтін барлық тәсілдермен жеке өзі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өкіл арқылы коргau;

6.4 жазбаша шешім алу;

6.5 кабылданған шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымданады

7. Оқытушыға катысты тәртіптік іс төмендегідей мерзімде тоқтатылады:

7.1 Уақытша жұмыска қабілетсіз болғанда;

7.2 Демалыста немесе іссапарда болғанда;

7.3 Мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін аткару кезінде өзінің қызметтік міндеттерін орындаудан босату;

7.4 Оқу, қайта даярлау, біліктілікті арттыру курстарында және тәгілымдамада болған жағдайда;

- 7.5 Хатшы тәртіптік жауапкершілікке тартымлатын адамдарға Кеңес отырысынын орын мен уақыты туралы хабарлау жөнінде шараптар қабылдайды.
- 7.6 Кеңестің отырысында тәртіптік істі карау, егер отырыстың өткізілу уақыты мен орын туралы отырыска дейін кемінде үш күн бұрын хабарланған болса, тәртіптік жауапкершілікке тартылған адамдардың катысуының етуі мүмкін.
8. Кеңес отырысында қаралатын оқытушының тәртіптік жауапкершілігі мәселелері
- 8.1 Мұғалімнің тәртіптік жауапкершілігін қарастыруға негіз болатын нақты әрекет (әрекетсіздік) болды ма;
- 8.2 Бұл әрекет (әрекетсіздік) тәртіптік күкік бұзушылық болып табыла ма және ол қандай заң нормаларын бұза отырып жасалған;
- 8.3 Педагог этикасын бұзуга жата ма;
- 8.4 Бұл әрекетте педагог кінәлі деп қарастырыла ма;
- 8.5 Исті карау нәтижелері бойынша Кеңес білім беру үйымының басшысына мұғалімге тиісті жаза колдануды және (немесе) колданбауды ұсынады.
- 8.6 Кеңестің шешімі ұсынымдық сипатта болады.
9. Кеңесте тәртіптік істі карау нәтижелері бойынша ұсыныстар
- 9.1 Білім беру үйымының басшысы Кеңестің ұсынысын қарастыру кезінде сінбек және басқа заңнаманың талаптарына сәйкес шешім қабылдайды.
- 9.2 Білім беру үйымының басшысына мұғалімге тиісті тәртіптік жаза колдануды және (немесе) колданбауды ұсыну;
- 9.3 Мұғалімге қандай жаза түрін қолдану қажеттігі ұсынылады
- 9.4 Тәртіптік істі тоқтату
- 9.5 Мұғалімге қатысты іс жүргізу және олардың негізінде қабылданған шешімдер оның жазбаша келісімімен ғана жария етілуі мүмкін.